

2009 жылға жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 7 мамырдағы N 24-99 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылды 10 маусымда N 2-12-108 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 қазандағы N 28-128 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2009.10.15 N 28-128 Шешімімен

Р Қ А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ аудан әкімінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 2-10-265 өтініш хатының негізінде Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үштөбе қаласының аймақтық әкімшілік жерлеріндегі, жеке тұлғаларға өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығының, бағбандық және саяжай құрылышын жүргізу үшін елді мекендер, өнеркәсіптік, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылық емес мақсатындағы занды, жеке тұлғалардың кәсіпкерлікпен шұғылдануына берілген автотұрақтар, автомобилъге май құю станцияларына бөлінген жерлерден басқа жерге, салықтың базалық ставкаларының мөлшері 2009 жылға 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. 2009 жылға ауылшаруашылық мақсатындағы елді мекендер, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылық емес мақсатындағы занды, жеке тұлғалардың өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығының, бағбандық және саяжай құрылышын жүргізу үшін қора - қопсы салынған жерді қоса алғанда, ауыл округтерінің жерлеріне жататын және Үштөбе қаласының аймақтық әкімшілік жерлерінен басқа ауылдарының автотұрақтар, автомобилъге май құю станцияларына бөлінген жерлерден басқа жерге, салықтың базалық ставкаларының мөлшері 40 пайызға жоғарылатылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

R. Ахмедченов

міндеттін уақытша атқарушы:

M ә с л и х а т

х а т ш ы с ы н ы н

C. Дәркенбаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК